

«Shakhmardan Yessenov Foundation
ғылыми білім беру қоры» Жеке Қорының
Атқарушы директоры



Малишева А.Т.

«19» қаңтар 2025 ж.

**Академик Шахмардан Есенов атындағы шәкіртақы-2026 байқауының
ЕРЕЖЕСІ
SHAKHMARDAN YESSENOV FOUNDATION**

I. Жалпы ереже

1.1. Академик Ш. Есенов атындағы шәкіртақылық байқау (бұдан әрі – «байқау») «Shakhmardan Yessenov Foundation» ғылыми білім беру қорының (бұдан әрі – «қор» деп аталады) бастамасы бойынша өткізіледі және қаржыландырылады және геология саласындағы көрнекті ғалым геолог, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлттық ғылым Академиясының академигі, геолого-минералогиялық ғылымдарының докторы, Ленин сыйлығының Лауреаты, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты Шахмардан Есеновтың есімін мәңгілік етуге бағытталған білімгерлердің оқу, ғылыми, қоғамдық іс-әрекеттерін ынталандыруға бағытталған.

1.2. Байқаудың мақсаты – еліміздің белгілі жоғарғы оқу орындарының бакалавриаты және магистратураның үздік студенттерін қолдау, олардың заманауи қоғамдық талаптарға сай құзыретін дамыту арқылы Қазақстан Республикасында геология ғылымының дамуына үлес қосу.

1.3. Ережеде «шәкіртақы» терминінің мағынасы айына 70 000 (жетпіс мың) немесе жылына 840 000 (сегіз жүз қырық мың) теңге көлеміндегі әрбір шәкіртақы алушыға 2026 жылдың мамыр айынан 2027 жылдың сәуір айы аралығында 12 (он екі) ай мерзіміне тағайындалатын ақшалай төлемақы болып табылады.

1.4. Жеңімпаздар ашық байқау барысында іріктеледі. Байқау жылына бір рет, оқу жылының екінші семестрінде өткізіледі. Байқау нәтижесі бойынша атаулы шәкіртақы тағайындалады.

1.5. Бағдарлама академик Шахмардан Есенов оқыған және дәріс берген Satbayev University (Қ.И. Сәтпаев атын. ҚазҰТЗУ) 2 (екі) студентіне шәкіртақы алу міндетті квотасын ұсынады.

II. Ш.Есенов атындағы атаулы шәкіртақы үміткерлеріне қойылатын талаптар

2.1. Байқауға қазақстандық жоғары оқу орындарының студенттері, ҚР азаматы болып табылатын жасы 18-ге толған күндізгі бюджеттік және бюджеттік емес оқу бөлімінің студенттері қатыса алады.

2.2. Шәкіртақы ізденушісі:

а. бакалавриат студенттері, бірінші және соңғы курстан басқа,

б. бірінші курстан басқа медициналық жоғары оқу орындарының бакалаврлары, егер міндетті түрде интернатурада оқыту көзделсе;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес* жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кадрларын даярлау сыныптамасымен Қазақстан университетінде білім алушылар келесі бағыттар бойынша мамандар даярлау сыныптамасына сәйкес:

- 6B05 жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика;
- 6B06 ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- 6B07 инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары;
- 6B10 денсаулық сақтау.

Ізденушілер арасынан байқау жеңімпазы ретінде 20 (жиырма) шәкіртақы иегері таңдалып алынады.

2.3. Бакалавриат және магистратура студенттерінің үлгерімі «жақсы» және «өте жақсы» (GPA орташа балы 3,0 төмен емес) болуы шарт. Бағалар транскрипт арқылы расталады.

2.4. Ізденуші жоғарғы оқу орнының ғылыми, қоғамдық өміріне белсенді араласуын құжат түрінде мәлімдеп, растауы қажет.

* «Жоғары және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуішін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 17 қазанда № 17565 болып тіркелген)

2.5. Студент білім алатын жоғарғы оқу орнының басшыларының (Ректор, Проректор, Университеттің оқу кеңесінің мүшесі, Институт директоры, Декан, Кафедра меңгерушісі) туысы болған жағдайда байқауға өтінімде осы жөнінде мәлімдеуі қажет.

2.6. Бағдарлама бойынша шәкіртақының тағайындалуы студенттің мемлекеттік, оның ішінде ұлғайтылған шәкіртақы алу құқығын жоймайды.

2.7. Байқау жыл сайын өткізілетіндіктен, бір рет шәкіртақы алған студент бұл байқауға жалпы негізде әрдайым қатыса алады.

III. Шәкіртақыны тағайындау тәртібі

3.1. Ш.Есенов атындағы шәкіртақы 3.6. тармағына сәйкес байқауға қатысуға өтінім берген 2.2.-тармақта көрсетілген мамандықтар бойынша оқитын байқау жеңімпаздарына, 20 (жиырма) студентке тағайындалады.

3.2. Байқауды өткізу үшін шәкіртақы алушыларды байқаудың екі кезеңінің нәтижесі бойынша сараптайтын Сараптау комиссиясы құрылады.

3.3. Ш.Есенов атындағы шәкіртақыға студенттердің іріктелуі төменде келтірілген екі түр бойынша өтеді. Сараптау комиссиясының шешімі Ш.Есенов атындағы шәкіртақы жеңімпаздарының тізімі ретінде Қордың бұйрығымен бекітіледі және байқау бағдарламасының жеңімпаздарының тізімі қордың yessenovfoundation.org сайтында жарияланады.

3.4. Шәкіртақы жылына 1 (бір) рет тағайындалады.

3.5. Ш.Есенов атындағы шәкіртақылық байқауға қатысу үшін ізденуші:

3.5.1. yessenovfoundation.org - Қор сайтында онлайн-өтінімді толтыруы қажет;

3.5.2. Өтінімге келесі құжаттарды тіркеу керек:

Міндетті құжаттар:

- a. Жеке куәліктің скан-көшірмесі;
- b. «Қазіргі әлемде кәсіпқой маман болу оңай ма? Бұған не кедергі келтіреді және не ықпал етеді?» атты тақырыпқа эссе/уәждемелік хат. Эссе 750 сөзден аспауы керек (тек өңделетін Microsoft Word құжатында жіберіледі) және өтінімді ұсыну тілінде — қазақ немесе орыс тілінде жазылуы тиіс;
- c. Транскрипт (орта балл 3,0 кем емес); Балы 3,0-ден төмен өтінімдер қарастырылмайды;
- d. Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама.

Қосымша құжаттар:

- a. Ғылыми сертификаттар/дипломдар — 2 сертификаттан көп емес;
- b. Әлеуметтік белсенділік/Еріктілік қызметі үшін сертификаттар — 3 сертификаттан көп емес;
- c. Жарияланымдар — 2 жарияланымнан көп емес.
- d. Ғылыми жетекшісінің ұсынымы (бакалавриат/магистратура бағдарламасының жетекшісі, кафедра меңгерушісі) - 1 құжаттан көп емес.

*Қор сертификаттардың шектеулі санын қарастырады. Ізденуші жетістіктерін барынша жақсы жағынан көрсететін сертификаттарын өз бетінше іріктеу алуы қажет.

3.6. Өтінімдер Қор сайтында: yessenovfoundation.org, 2026 жылдың 02 ақпан мен 03 наурыз аралығында қабылданады.

Өтінімдерді қабылдау 2026 жылдың 03 наурыз күні 15:00-де (GMT+5) аяқталады.

Көрсетілген мерзімнен кейін келіп түскен өтінімдер қаралмайды.

3.7. Интернет-сайтқа (yessenovfoundation.org) өтінім бере отырып, үміткер Бағдарлама шарттарымен танысқанын, өз келісімін беретінін және оларды толық көлемде орындауға дайын екенін растайды. Байқауға қатысуға өтінім беру арқылы өтінім беруші Қорға өзінің жеке деректерін өңдеуге келісімін автоматты түрде береді.

3.8. Шәкіртақы атаулы болғандықтан бір студенттен келесі студентке берілмейді.

3.9. Құжаттарды тапсыру арқылы ізденуші байқау бағдарламасының мақсаттарымен бөлісетінін және осы Ережеде баяндалған конкурсты өткізудің барлық шарттарымен өзінің келісімін растайтынын және оларды толық орындауға дайын екенін білдіреді.

3.10. Өтінімдер 2 (екі) тілде: қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.

3.11. Қор ізденушілер бойынша өзі қабылдаған шешімдердің себептері туралы түсіндірмелер бермеу құқығын өзіне қалдырады.

3.12. Егер сараптама комиссиясы осындай шешім қабылдаған жағдайда, Қор мәлімделген 20-дан аз немесе көп грант беру құқығын өзіне қалдырады.

IV. Байқаудың іріктеу кезеңдері

4.1. Шәкіртақылық байқау 2 (екі) кезеңнен тұрады, әрқайсысының нәтижесі бойынша ең үздік ізденушілер таңдалады.

4.2. Бірінші кезең – 2026 жылдың 03-18 наурыз аралығында өтеді.

4.2.1. Уақытылы келіп түскен өтінімдер рецензияланып, тәуелсіз сарапшылармен келесі критерийлер бойынша сырттай бағаланады:

- a. жоғары академиялық әлеуеті (оның ішінде белгіленген саладағы қызығушылықтағы эрудиция, тәсілдемелер жаңалығы, жақсы академиялық нәтижелер);
- b. мамандыққа қатысты жарияланымның болуы;
- c. студенттік өмірде белсенділік;
- d. еріктілік (волонтерлік) тәжірибенің болуы;
- e. және т.б.

4.2.2. Бірінші кезең нәтижесі ізденушіге электрондық пошта арқылы хабарланады. Екінші турға өткендер тізімі Қор сайтында yessenovfoundation.org жарияланады. Бірінші кезең аяқталғаннан кейін 40 (қырықтан) артық емес қатысушы іріктеледі. Байқаудың бірінші іріктеу кезеңінің нәтижелері 2026 жылғы 20 наурыздан кешіктірілмей жарияланады.

4.3. Екінші кезең 2026 жылғы наурыздың 26-сы мен сәуірдің 07-і аралығында өтеді.

4.3.1. Екінші кезеңнің ізденушілері онлайн іріктеуге шақырылады, ол жеке немесе топта әңгімелесу/сұхбат түрінде өткізіледі. Осы әңгімелесу/сұхбат барысында ізденушілердің қасиеттері келесі салаларды бақылау арқылы бағаланады:

- a. жалпы байланыс;
- b. құндылықтар мен көзқарастар жүйесі, мотивация;
- c. жалпы белсенділік;
- d. эмоционалды интеллект;
- e. қазіргі әлемнің талаптарын түсіну;
- f. жалпы психологиялық жетілу;
- g. ойлау қабілеті;
- h. ізденушілердің әлеуметтік желілерде ынталандыратын посттар жариялауға дайындығы.

4.3.2. Жеке әңгімелесу ұзақтығы – 40 (қырық) минутқа дейін, топтық жұмыс – 120 (жүз жиырма) минутқа дейін. Қажет болған жағдайда Қор үміткерлерге қосымша тестілеу өткізе алады. Байқаудың екінші кезеңі аяқталғаннан кейін 20 (жиырма) жеңімпаздан артық таңдалмайды.

4.3.3. Қор байқау қатысушыларына өз шешімдеріне түсініктеме бермеу құқығын өзіне қалдырады.

4.4. Шәкіртақы байқауының жеңімпаздар тізімі 2026 жылдың 08-ші сәуіріне дейін қордың yessenovfoundation.org сайтында жарияланады.

V. Шәкіртақыны алу және төлеу тәртібі

5.1. Шәкіртақы иегерімен (жеңімпазбен) қор демеушілік көмек көрсету туралы келісімшарт жасайды.

5.2. Демеушілік көмек көрсету туралы шарт жасасқан алушы шарттың мынадай талаптарын сақтауға міндетті:

- 1) университетте оның ережелері мен талаптарына сәйкес оқу;
 - 2) университеттің барлық пәндер бойынша "жақсы" және "өте жақсы" оқу үлгерімі. Үлгерім туралы деректер сынақ кітапшасының көшірмесімен/емтихан ведомосінен үзінді көшірмемен/Транскриптпен расталуы тиіс, оны алушы Қордың сұратуы бойынша Сұрау салынған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде ұсынады;
 - 3) студенттік ғылыми-практикалық конференцияларға белсенді қатысу;
 - 4) университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысу;
 - 5) Қордың оң имиджін қамтамасыз ететін кез келген қолайлы түрде, оның ішінде жеке әлеуметтік желі аккаунттарында да Қор туралы ақпаратты таратуға, сондай-ақ Қор ұсынған ақпараттық-жарнамалық материалдарды таратуға;
 - 6) Қорға өзінің кәсіби және жоғары кәсіби қызметтегі жетістіктері туралы ақпаратты жеткізуге;
 - 7) Қордың сұрауы бойынша блогтарға, басқа да ұсынылатын іс-шараларға қатысуға;
 - 8) Қордың сұрауы бойынша кез келген ақпаратты, соның ішінде конкурсқа қатысу және жеңіп алынған грантты іске асыру (тағылымдама, стипендия, оқу және т.б.) туралы мәліметтерді, өтінімде көрсетілген электрондық поштаға сұрау түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға;
 - 9) Қор талабы бойынша оның қызметі мен бағдарламаларына көмек көрсетуге;
 - 10) Қор талабы бойынша жеке фото және бейнематериалдарды (оқу орнында/жұмыста/өндірістік тәжірибеде/қоғамдық іс-шараларда және т.б. түскен) ұсынуға (фотосурет пен бейнеде адамдардың сыртқы келбеті мен киімі ұқыпты әрі зайырлы сипатта болуы керек), сондай-ақ Қордың іс-шаралары кезінде фотосурет пен бейне сессияларға қатысуға;
 - 11) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Бағдарлама жеңімпазы мен Қор қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын не бұзуға ықпал ететін, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында қандай да бір заңсыз артықшылықтар алу немесе өзге де мақсаттарға қол жеткізу үшін кез келген тұлғаға тікелей не жанама ақша немесе құндылықтарды төлеу, төлеуді ұсынбау және төлеуге рұқсат бермеу сияқты әрекеттерді жасаудан, жасауға итермелеуден қалыс қалады.
- 5.2. Шәкіртақы төлемі Қор мен Байқау стипендиаты (жеңімпазы) арасында жасалған шарт негізінде, ақша қаражатын Байқау стипендиатының (жеңімпазының) банк шотына кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей аудару арқылы жүзеге асырылады.
- 5.3. Шәкіртақы төлемі ай сайын және тек Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының нақты (қолданыстағы) студенттеріне ғана төленеді. Егер студент академиялық демалыста және т.б. жағдайда болса, Қор Конкурс стипендиатына (жеңімпазына) стипендия төлеуді тоқтатады, ал демеушілік көмек көрсету туралы шарт Қордың бастамасы бойынша біржақты тәртіпте көрсетілген тараптар арасында бұзылды деп есептеледі.
- 5.4. Қор үміткерлер және/немесе Бағдарлама жеңімпаздары ұсынған ақпаратты кез келген заңды тәсілдермен тексеруге және ақпараттың шындыққа сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, кез келген үміткерді Конкурстың кез келген кезеңінде және/немесе Бағдарламадан қатысудан шығарып тастауға құқылы.
- 5.5. Қор Бағдарлама бойынша грант алуға үміткерлерге қатысты қабылданған шешімдердің уәждері мен себептері бойынша түсіндірме бермеуге құқылы.
- 5.6. Байқау мен ережеге қатысты барлық мәселелер бойынша Қордың уәкілетті тұлғасына хабарласуға болады: Султан Айгерім Айдарқызы +7 701 627 96 07 электрондық пошта: aigerim.s@yessenovfoundation.org.